



Ақорда

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпин БАҚ өкілдері үшін брифинг өткізді



Екіжақты келіссөздерден кейін Қазақстан Президенті мен Қытай Халық Республикасының Төрағасы бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады.

Мемлекет басшысы өзінің шақыруын қабыл алып, Қазақстанға мемлекеттік сапармен келгені үшін Си Цзиньпинге шынайы ризашылығын білдірді.

— Осы сапарыңыз — қазақ-қытай жылнамасындағы айтулы әрі тарихи оқиға. Оған қоса бұл — екі ел арасындағы ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеруге деген Сіздің ниетіңіздің айқын көрінісі деп білемін. Мен бұл игі ұмтылысты толықтай қолдаймын. Қытай — біз үшін тату көрші, достас және мәңгілік жан-жақты стратегиялық серіктес мемлекет. Бұл біздің елдерімізге ортақ құндылықтар мен ортақ

ұстаным деп айтқым келеді. Оның тарихи тамыры тереңде жатқаны сөзсіз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті екі ел арасындағы тығыз сауда және гуманитарлық байланыстардың даму тарихына тоқталып, оның келешегі жарқын боларына сенім білдірді.

— Халықтарымыз Ұлы Жібек жолы бастау алып, төрткүл дүниеге таралған киелі жолда ынтымағы мен бірлігін жарастырған. Тарих қойнауына үңілетін болсақ, Қытай елі қазақ халқына ешқашан жамандық жасаған жоқ, ешқандай

тосқауылдар құрған емес. Жәрдем ғана берген. Біздің елдеріміз әрдайым өзара тығыз байланыста және шынайы достық қарым-қатынаста болды. Бүгін де солай және солай болып қала бермек. Мен бұған кәміл сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасымен бірге мемлекеттер арасындағы сан қырлы ынтымақтастықты бекемдей беретініне назар аударып, бүгінгі келіссөз нәтижелері соның айқын дәлелі екенін айтты.

— Қазақстан мен Қытайдың мызғымас саяси қатынастары өзара сенім мен қолдау рухында дамып келе жатыр. Екі ел арасында шешімін таппаған ешқандай түйткіл жоқ. Сондықтан күш біріктіре

отырып, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени-гуманитарлық өріптестікті жандандыруға ниеттіміз. Біз Төраға Си Цзиньпин екеуіміз жаңа ғана Бірлескен мәлімдемеге қол қойдық. Құжатта екі ел қатынастарының жетістіктері және алдағы жоспарлары кеңінен қамтылған. Қытай — Қазақстанның басты сауда серіктесі. Былтыр елдеріміз арасындағы сауда көлемі 41 миллиард доллар болды. Алдағы уақытта тауар айналымын еселей түсеміз. Бұған әлеуетіміз жеткілікті. Қытай — біздің негізгі шетелдік инвесторымыздың бірі. Соңғы 15 жылда бұл елден Қазақстанға 25 миллиард долларға жуық инвестиция тартылды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

|2-бет

Есен

Аудан әкімі Әділжан Арғыновтың 2024 жылдың жарты жылдығында атқарылған жұмыстар туралы есебінің тезистері

Аудан экономикасын дамытып, тұрғындардың өмір сапасын жақсарту — қашанда жұмысымыздың басты бағыттарының бірі. Бұл орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауында көрсетілген тапсырмаларды орындаудың маңызы зор. Яғни, азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыру, инфрақұрылымды дамыту, жолдарды жөндеу және жаңа әлеуметтік нысандарды салу бойынша жоспарлы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыруға қашанда ерекше мән беріледі.

Қарқаралы үшін биыл тарихи жыл. Қарқаралының қала болып іргесі көтерілгеніне екі ғасыр толуда. Біз бұл мерейтойды барынша мазмұнды әрі жинақы түрде атап өтуді былтырдан жоспарладық. Бұл бағытта үлкенді-кішілі мәдени-көпшілік іс-шаралары аудан бойынша жыл басынан өтуде. Мерейтойдың арнайы логотипі әзірленіп, тарихи жылдың нышаны белгіленген ауыспалы ту әрбір ауылдық округті аралауда.

Сондай-ақ, қаламызды абаттандыру, әлеуметтік нысандарды жөндеу, жаңа демалыс орындарын ашу басты назарға алынды. Осы мақсаттағы жұмыстар бүгінде жалғасуда.



|3-бет

Құрметті аудан тұрғындары!

Баршаңызды 6 шілде — Астана күні мерекесімен құттықтаймыз!

Елордамыз Астана қаласы — кең байтақ отанымыздың жүрегі, халқымыздың мақтанышы. Астананың қалыптасуы мен дамып-өркендеуіне еліміз бен төрткүл дүние көз тікті. Ол тарихи өлшеммен алғанда аз уақыт ішінде қарышты қадамдармен алға басып, ірі мегаполиске айналды.

Қысқа мерзімде үлкен шаһарға айналған ел астанасында халықаралық деңгейдегі маңызы жоғары іс-шаралар өтуде. Астана бүгінде елеулі саяси, экономикалық әрі мәдени орталық ретінде еліміздің дамуы мен қоғамдық өміріне серпін беретін орталық болып табылады. Ұлт бірлігі мен тұтастығына, бүгінгі мен келешегіне қатысты саяси мәні жоғары иелікті істер мен маңызды шешімдер Елордамыздан бастау алады.

Еліміздің түкпір-түкпірінен барған отандастарымыз Астанадан жайлы қоныс тауып, білім алып, еңбек етіп жатыр. Жастарымыз осы қалада арман-мақсаттары қанаттанып, өмірдегі орындарын тауып, жоспарларын іске асыруда.

Күн сайын көркейіп, еңсесі биіктеп келе жатқан Елордамыз елдіктің тұтқасы болуда.

Астана қаласының күні құтты болсын! Ару қаламыздың сәулеті артып, көкжиегі кеңейіп, мәртебесі биіктей берсін!

Құрметпен,
Әділжан АРҒЫНОВ,
Қарқаралы ауданының әкімі
Саят ОСПАНОВ,
аудандық мәслихат төрағасы



Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді Ұлттық домбыра күнімен құттықтаймыз!

Бұл — халқымыздың бай шығармашылық мұрасы мен терең танымын, биік өнері мен қастерлі құндылығын дәріптейтін ерекше мереке.

Ежелден қазақ халқының басынан өткен тарихи кезеңдер ұлтымыздың жадысы мен рухында өзінің ізін қалдырды. Табиғатынан ақындыққа, шешендікке, ән мен жырға жақын халқымыз өз тарихы мен шежіресін, ба-тырлық, жауынгерлік дәстүрін, тұрмыс-салт үрдістерін шығармашылық мұраларында қуатты шабытпен таңбалай алды. Өмірде болып жатқан оқиғалар мен құбылыстар домбыраның шанағынан ән мен күй болып төгіліп, ұлтымыздың төл бол-мысын, қайталанбас табиғатын, дарыны мен өнерін та-нытты. «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ — домбыра» дей-тіміміз де содан.

Жыр қуатын әуенімен байытып, мың құбылған күй әуеле-тіп, тыңдарманның қиялын шарықтатып, санасы мен жанына сәуле төгетін домбыраның қадір-қасиеті әрбір қазақтың жүрегінде.

Домбыра — ұлтымыздың рухы, қастерлі мұрасы, төл өне-ріміздің киесі. Сайын даламыздың кендігі мен халқымыздың дархан жаны да, бабаларымыздың аманаты мен үні де — дом-бырада.

Қазақтың рухын көтеретін, мәдениетін танытатын Домбыра күні құтты болсын! Ұлтымыздың қастерлі жәдігері әрдайым терімізде болып, қазақ даласынан домбыраның әсем әуені мен күмбір күйі кетпесін!

Құрметпен,
Әділжан АРҒЫНОВ,
Қарқаралы ауданының әкімі
Саят ОСПАНОВ,
аудандық мәслихат төрағасы



Құрметті ветеринария саласының қызметкерлері мен ардагерлері!

Сіздерді Ветеринариялық қызметкер күні кәсіби мерекесімен құттықтаймыз!

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ұйғарымымен биылдан бастап күнтізбемізге аталмыш кә-сіби мереке енді. Елімізде алғаш «Ветеринария туралы» Заңы қабылданған 10 шілде — ресми түрде «Ветеринариялық қыз-меткер күні» болып бекітілді.

Қоғамда «Медицина — адамды емдесе, ветеринария — адам-затты емдейді» деген тәмсіл бар. Өрістегі төрт түліктің түр-рлі дерттен аман болуы — адамның денсаулығына тікелей ықпал жасайды. Сондықтан азық-түлік және тағамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде осы сала мамандарының еңбегі ерекше.

Бұл жұмысты лайықты дәрежеде атқару адамнан мол қа-жыр мен қайратты, білім мен тәжірибені, табандылық пен жан-жануарға деген жанашырлықты талап етеді. Ауданымызда ве-теринария саласына саналы өмірін арнап, қоғам иелігі үшін, ауыл шаруашылығы саласын дамыту мақсатында қажырлы еңбек еткен ардагер мамандар аз емес. Сіздердің мол тәжірибелеріңіз жас буын мамандарға үлкен үлгі-өнеге екені сөзсіз. Ветеринар мамандардың уақытпен санаспай, тынымсыз еңбек етуінің нәтижесінде қоғамның салауатты-сау тіршілігі жалғаса бермек.

Сіздердің ауданымызда ветеринарлық және эпизоотиялық жағдайды тұрақты ұстаудағы қызметтеріңізге алғыс білдіре келе, еңбектеріңізге толайым табыс, биік абырой тілейміз! Еңбектеріңіз еленіп, ел алғысына бөлене беріңіздер!

Құрметпен,
Әділжан АРҒЫНОВ,
Қарқаралы ауданының әкімі
Саят ОСПАНОВ,
аудандық мәслихат төрағасы



Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпин БАҚ өкілдері үшін брифинг өткізді

(Соңы. Басы 1-бетте.).

Мемлекет басшысы былтыр Қазақстан экономикасына құйылған қытай инвестициясының көлемі 16 пайызға өсіп, 1,8 миллиард долларға жеткенін атап өтті. Бұл көрсеткішті ұлғайтуға екі тарап та мүдделі.

— Бүгінде құны 14,5 миллиард доллар болатын 45 жоба жүзеге асырылып жатыр. Жалпы Қытай капиталының үлесі бар кәсіпорындар саны 4700-ден асады. Біз өзара тиімді инвестициялық жобаларды одан әрі жүзеге асырудың маңызын атап өттік. Нақтырақ айтқанда, энергетика, инфрақұрылым, ауыл шаруашылығы, өндіріс, қаржы, көлік, аэроғарыш өнеркәсібі және IT салаларына тоқталдық. Қазақстан өз нарығына кіруге ниетті Қытай компаниялары үшін қолайлы жағдай жасауға дайын, — деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев қолға алынған ауқымды энергетикалық жобаларды тиімді жүзеге асыру қажет деп санады. — Қазір Қазақстанда мұнай-химия зауыттары салынып жатыр. Шымкенттегі мұнай өңдеу зауытын жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. «Қазақстан — Қытай» мұнай құбырының өткізу мүмкіндігін ұлғайту шаралары қолға алынды. Көп ұзамай бұл жобалар экономикамызға үлес қоса бастайды. Сапар аясында қазақ-қытай іскерлік кеңесінің отырысы өтті. Онда бірқатар инвестициялық келісімдерге қол қойдық, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы ҚХР Төрағасымен көлік-логистика саласындағы ықпалдастықты жандандыру қажеттігіне назар аударғанын айтты. Бұдан бөлек, Си Цзиньпиннің Астанада жариялаған жаһандық «Бір белдеу, бір жол» бастамасы және Транскаспий халықаралық көлік бағдары аясындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланғанын жеткізді.

— Былтыр теміржол арқылы тасымалданатын жүк көлемі 22 пайызға артып, 28 миллион тоннаға жетті. Бұл — рекордтық көрсеткіш. Ляньюньган, «Қорғас — Шығыс қақпасы» және Сиань қаласындағы құрғақ порттарда жүзеге асырылған бірлескен жобалардың нәтижесінде көлік-логистикалық әлеуетіміз едәуір артты. Қазіргі таңда «Аягөз — Бақты» үшінші трансшекаралық темір жол құрылысы белсенді жүріп жатыр. Бүгін біз Транскаспий халықаралық көлік бағдары арқылы жүк тасымалын іске қосу шарасына бейнебайланыс режимінде қатыстық. Бұл бағдар Еуразия құрлығындағы көлік-логистика қатынастарын дамытуға тың серпін береді, — деді Мемлекет басшысы.

СоныменқатарҚасым-ЖомартТоқаев Си Цзиньпинмен ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықты жандандыру мәселесін талқылағанын атап өтті.

— Бұл салада табысты жүзеге асқан бірлескен жобалар бар. Егіншілікте smart жүйесін қолдануға, су ресурстарын ұтымды пайдалануға және ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге айрықша назар аударылады. Осы орайда Қытайдың тәжірибесі мен технологияларын қолдануға, нақты инвестициялық жобаларды бірлесе жүзеге асыруға мүдделіміз. Былтыр Қазақстанның Қытайға экспорттаған ауыл шаруашылығы тауарлары 2 есе өсіп, 1 миллиард долларға жетті. Қытай нарығына сапалы әрі табиғи ет өнімдерін, майлы және дәнді дақылдар экспортын ұлғайтуға мүдделі екенімізді атап өттік. Бұл ретте Қазақстан астығын 2 миллион тоннаға жеткізуге дайынбыз. Осы саладағы ықпалдастықты кеңейту шараларын қолдағаны үшін Төраға Си Цзиньпин мырзаға ризашылығымды білдіремін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президентінің айтуынша, екі ел арасында ғылым және білім саласындағы ынтымақтастық та нығайып келеді. Қазіргі таңда Қытайдың жоғары оқу орындарында 4 мыңнан астам қазақ жастары білім алып жатыр.

— Қазақстан техникалық мамандар даярлау мәселесіне баса мән береді. Бұған Қытайдағы әріптестеріміз қолдау көрсетіп отыр. Аталған саладағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға келістік. Қытай Төрағасының сапары аясында екі тарихи оқиғаның куәсі болдыңыздар. Біріншісі — «Астана» Халықаралық университетінің жанынан Бейжің тіл және мәдениет уни-верситетінің филиалы ашылды. Сондай-ақ, бүгін құрметті Си Цзиньпин мырзамен Қазақстанда екінші «Лу Бань шеберханасын» ашуға келістік. Бұл тиімді әрі маңызды жоба елімізде жоғары кәсіби мамандар даярлауға мүмкіндік береді. Қытайдың жоғары оқу орындарында білім алғысы келетін қазақ



жастарының саны артты. Бұл тұрғыда үкіметтік грант санын көбейту, Қазақстан аумағында Қытайдың озық техникалық университеттерінің филиалдарын ашу мәселесіне арнайы тоқталдық, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев келіссөздер барысында мәдени-гуманитарлық байланысты және туризм саласындағы ықпалдастықты күшейтуге баса назар аударылғанын жеткізді.

— Осы сапар аясында Бейжіңде Қазақстанның және Астанада Қытайдың мәдени орталықтары ашылды. Мұны екіжақты байланысты бекемдеу үшін жасалған өте маңызды қадам деп айтуға болады. Бұл бастамалар халықтарымызды мәдени тұрғыдан жақындатып, өзара достық пен тату көршілік қатынастарды нығайтуға ықпал етеді деп сенемін. Бұдан бөлек, екі ел аумағында тұрақты түрде мәдени шаралар өткізуге уағдаластық. Қазақстан мен Қытай азаматтары үшін екі елде визасыз режим қолданыла бастағанын ерекше атап өткім келеді. Қазір оның игілігін азаматтарымыз көріп отыр. Әсіресе, екі елдің көршілес аймақтарының халқына, кәсіпкерлер мен туристерге, жастар мен шетелдік әріптестерге тиімді болды. Биыл наурызда Бейжіңде «Қазақстанның Қытайдағы туризм жылы» салтанаты түрде ашылды. Келесі жылы осы шараның жалғасы ретінде «Қытайдың Қазақстандағы туризм жылы» өтеді. Бүгін қол жеткізген келісімдер елдеріміз арасындағы байланыстарды нығайтып, халықтарымыздың игілігіне қызмет етеді деп сенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен аймақтық және жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасқанын атап өтті.

— Бұлбағыттағыұстанымдарымыздың ұқсас екеніне назар аудардық. Біз көпжақты дипломатияны одан әрі нығайту қажеттігін атап өттік. Екі елдің серіктестігі Біріккен Ұлттар Ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес аясында табысты дамып келе жатыр. Сонымен қатар біз Орталық Азия — Қытай диалогын одан әрі дамытуға келістік. Әлемдегі дау-дамайды бейбіт жолмен шешу, геосаяси жағдайды тұрақтандыру, сондай-ақ жаһандық қауіпсіздік пен бейбітшілікті нығайту жөніндегі ұстанымдарымыз ортақ, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі келіссөз нәтижелерін жоғары бағалайтынын мәлімдеді.

— Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастың деңгейі қашанда жоғары. Осылайша, біз екі ел арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне қадам бастық. «Алтын отыз жылдық» аясындағы биік мақсат-міндеттерді табысты жүзеге асырамыз деп үміттенемін. Жасалған әрбір келісім екі елдің тұрақты әрі қауіпсіз дамуын қамтамасыз етуге, халықтарымыздың әл-ауқатын жақсартуға арналған, — деді Қазақстан Президенті.

ҚХР Төрағасы келіссөздердің жылы, достық рәуіште өткенін және нәтижелі болғанын мәлімдеді.

— Біз бірқатар ауқымды мәселе бойынша уағдаластыққа қол жеткіздік. Қытай мен Қазақстан арасындағы Бірлескен мәлімдемеге қол қойып, ынтымақтастықтың басым бағыттарын айқындадық. Біздің қатысуымызбен сау-

да-экономикалық, көлік-логистикалық, энергетикалық, ауыл шаруашылығы, ғылыми-техникалық және мәдени-гуманитарлық салалар бойынша бірқатар үкіметаралық және ведомствоаралық құжатқа қол қойылды. Аталған құжаттар екіжақты қатынасымыздың жоғары деңгейде дамуына тың серпін береді, — деді Си Цзиньпин.

ҚХР Төрағасы Қытай мен Қазақстан жаңғыру жолымен алға ілгерілеп, өзара қолдау білдірудің игі дәстүрін бірлесе дамытатынына және еселей түсетініне, сондай-ақ өзара саяси сенімді тұрақты түрде нығайтып, ұлттық даму стратегияларын ұштастыруға ықпал ететініне және бір-бірінің мүддесін қорғайтынына сенім білдірді.

— «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясында жоғары деңгейдегі ынтымақтастықты жалғастыра береміз. Нақты салалардағы ықпалдастық бағытында жаңа нәтижелерге қол жеткізуге ұмтыламыз. Қысқа мерзім ішінде тауар айналымын екі есе ұлғайту жөнінде жаңа міндет қойылды. Біз сауда және экономика, инвестиция, индустрияландыру, көлікжәне энергетика сияқты салалардағы байланысымызды ұдайы нығайту жөнінде уағдаластық. Сауда-экономикалық ынтымақтастық бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі жол картасын белсенді іске асырамыз. Транскаспий халықаралық көлік бағыты мен елдеріміз арасындағы үшінші трансшекаралық темір жол құрылысын жеделдетеміз. Сонымен қатар негізгі минералдық ресурстар, баламалы энергия көздері, ғылыми-техникалық инновациялар, авиация және ғарыш, цифрландыру салаларындағы дамудың жаңа бағыттарын бірлесе ілгерілетуге ниеттіміз, — деді ҚХР Төрағасы.

Сонымен қатар Си Цзиньпин БҰҰ, ШЫҰ, «Қытай — Орталық Азия» сияқты көпжақты алаңдар желісі бойынша тығыз ықпалдастық орнатқаны жөнінде атап өтті. Сондай-ақ Қазақстанның БРИКС-ке кіруін қолдады. ҚХР Төрағасы Қазақстанның өлемдегі орта держава ретіндегі рөлі артып келе жатқанын тағы да растады және еліміздің жаһандық басқару ісіне лайықты үлес қоса алатынына сенім білдірді.

Жоғары деңгейде өткен келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин Бірлескен мәлімдемеге қол қойды.

Сонымен қатар сапар аясында мынадай партияаралық, мемлекет-аралық, ведомствоаралық және коммерциялық құжаттарға қол қойылды:

1. «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігі мен Қытай Коммунистік партиясы арасындағы алмасу және ынтымақтастық туралы меморандум;

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастық бағдарламасын іске асыру жөніндегі жол картасы;

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы техникалық-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім;

4. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Реформалар және даму мемлекеттік комитеті арасындағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы

трансшекаралық теміржолды кеңейту жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;

5. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Көлік министрлігі арасындағы инновациялық технологиялар мен ақпараттық жүйелер саласында және халықаралық автомобиль тасымалдарына рұқсат беру жүйесін құру туралы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандум;

6. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Коммерция министрлігі арасындағы инфрақұрылым және инженерлік құрылыс саласындағы ынтымақтастықты дамытуды ілгерілету жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;

7. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Коммерция министрлігі арасындағы таза энергетикалық технологияларда қолданылатын стратегиялық маңызды пайдалы қазбалар саласындағы ынтымақтастықты нығайту жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;

8. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Білім министрлігі арасындағы қытай тілін оқыту саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;

9. Еуразия ұлттық университеті мен Тяньцзинь кәсіптік институты арасындағы Лу Бань шеберханасын бірігіп құру туралы өзара түсіністік туралы меморандум;

10. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Бас кеден басқармасы арасындағы Қазақстан Республикасынан Қытай Халық Республикасына сою үшін экспортталатын мүйізді ірі қара малға қойылатын ветеринариялық талаптар және жануарлар саулығын қорғау туралы хаттама;

11. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Бас кеден басқармасы арасындағы өзара жеткізілетін тауарларды бақылау және қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша өзара түсіністік туралы меморандум;

12. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Қытай Ұлттық ғарыш әкімшілігі арасындағы Халықаралық Ғылыми Ай Станциясы бойынша ынтымақтастық пен өзара түсіністік туралы меморандум;

13. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Радио және телевизия істері жөніндегі Бас мемлекет басқармасы арасындағы радиохабар тарату және телевизия саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

14. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы «Қазақстан Республикасы Президентінің телерадио-кешені» ШЖҚ РМК мен Қытай медиакорпорациясы (China Media Group) арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандум;

15. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Реформалар және даму мемлекеттік комитеті ара-

сындағы Транскаспий халықаралық көлік бағытында жүк тасымалдауды арттыруға және дамытуға арналған ынтымақтастықтың жұмыс тетігін құру бойынша өзара түсіністік туралы меморандум;

16. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Нарықты реттеу бойынша мемлекеттік басқармасы арасында сәйкестікті бағалау саласындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша өзара түсіністік туралы меморандум;

17. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Өнеркәсіп және ақпараттық технологиялар министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

18. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Халықаралық даму саласы бойынша мемлекеттік агенттігі арасында өзара түсіністік және жоғары технологиялар саласындағы жобаларды ілгерілету туралы меморандум;

19. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен Қытайдың Халық банкі арасындағы Цифрлық валюта саласындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум;

20. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросы мен Қытай Халық Республикасының Ұлттық статистика бюросы арасында статистика саласындағы ынтымақтастық аясында өзара түсіністік туралы меморандум;

21. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Қытай медиакорпорациясы (China Media Group) арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

22. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі мен Қытай медиакорпорациясы (China Media Group) арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

23. Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің телерадио-кешені» шаруашылық жүргізу құқығындағы РМК мен «Жэньминь Жибао» арасындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум;

24. «Астана» халықаралық қаржы орталығыменҚытаймедиакорпорациясы (China Media Group) арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум;

25. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан Республикасының Ғылым академиясы мен Шэньчжэнь университеті арасында бірлескен зертханалар құруда ынтымақтастық туралы келісім;

26. «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ пен Қытайдың ауыл шаруашылығы университеті, Dayu Irrigation Group Co., Ltd компаниясы арасындағы шөлейтті аймақтарда суды тиімді пайдалану жөніндегі Қазақстан-Қытай халықаралық зертханасын құру туралы келісім;

27. «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ пен Қытай Халық Республикасының Ланьжоу университеті арасындағы Қазақстан-Қытай ақылды ауыл шаруашылығы орталығын бірлесе құру туралы келісім;


28. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қытай Халық Республикасының Солтүстік-Батыс политехникалық университеті арасындағы микроспутник арқылы ғылыми зерттеулер және таланттарды тәрбиелеу саласындағы өзара түсіністік туралы келісім;

29. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Шөкестік Қазақстан университеті мен Қытайдың ауыл шаруашылығы және орман технологиясына маманданған Солтүстік-Батыс университеті арасындағы Қазақстан-Қытай ауыл шаруашылығы ғылымы және білім беру орталығын бірлесе құру туралы келісім;

30. Қазақстандағы сапаны тестілеу зертханаларын жабдықтау жөніндегі жобаны жүзеге асыруға көмек көрсету туралы келісімшарт;

31. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі мен Қытайдың CNPC компаниясы арасындағы энергетика саласына қатысты стратегиялық жобалар бойынша ынтымақтастықты одан әрі тереңдету туралы негіздемелік келісім.

Аудан әкімі Әділжан Арғыновтың 2024 жылдың жарты жылдығында атқарылған жұмыстар туралы есебінің тезистері



(Соңы. Басы1-бетте)

ӨНДІРІС ЖӘНЕ ТУРИЗМ

Ауданда өнеркәсіп өнімін тау кен саласындағы «Қазақмыс Корпорациясы», «Өркен-Кентөбе», «Алтай Полиметаллы», сонымен қатар биылғы жылдан бастап іске қосылған «Қамқор – Сары-Арқа» сияқты ірі кәсіпорындар құрап отыр. Бүгінгі күнге аталған кәсіпорындарда өндірістік үдерістер тұрақты іске асып, жұмыскерлердің еңбек-ақысы уақытында төленуде.

Осы саланы дамыту мақсатында Бірыңғай индустрияландыру картасына ауданнан 3 жоба енгізілген. Ол – Бесоба ауылдық округіндегі «Алайғыр кен орнында полиметалл кендерін өндіру және өңдеу», Жаңатоған ауылдық округіндегі «Үймелі шаймалау әдісімен катодты мыс өндіру», Қарағайлы кентіндегі «Метис» кен орны базасында қорғасын және мырыш өндіру бойынша байыту-өндірістік кешенін салу» жобалары.

Жұмысы кідіріс тапқан «Қарқаралы қаласында жел электр станциясының құрылысы» жобасы әлі де біз үшін маңызды. Жүзеге асырушы – «Шанырақ 21» ЖШС биылғы жылы инвестиция тарту жұмыстарын жүргізуді жоспарлауда.

Аудан экономикасының дамуына шағын және орта бизнес субъектілері де өз үлесін қосып келеді.

Жылдан жылға субъектілердің саны ұлғайып, жаңа нысандар ашылууда. Бүгінгі күні аудандағы 3,5 мыңнан астам (биылғы жылы 100-ге жуық жаңа субъект қосылды), шағын бизнес субъектілерінде 4,4 мың адам жұмыс істейді.

Туризм саласын дамытуда ауданның әлеуеті өте зор.

Мемлекет басшысы осы саланың дамуына ерекше көңіл бөліп, тапсырмалар жүктеді.

Саланы дамытудағы жұмыстарды кешенді түрде жүргізу мақсатында «Бұғылы» рекреациялық аймағы анықталып, туризмнің өсу нүктесі болып белгіленді. Аймақтың жоспарлау жобасы әзірленіп, бүгінде инженерлік инфрақұрылым тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы тарапынан «Үлкен көлдің» су қорғау белдеуі анықталып, белгіленді. Көлдің солтүстік жағындағы жағажай аймағында туризм саласына қатысты жобаларды жүзеге асыруға жер беру жолдары қарастырылуда.

Сонымен қатар, Қарқаралы ұлттық парк аумағында рекреациялық қызметті үйлестіру үшін Бас жоспар бекітіліп, туристік-рекреациялық мақсатта қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді пайдалануға берілетін жер учаскелерін анықтады. Биылғы жылы қысқа мерзімге жерлерге конкурс жариялау жоспарланып отыр.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ауданның басты саласының бірі – ауылшаруашылығы саласы екені белгілі. Бес айда жалпы өндірілген өнімнің көлемі 13,4 млрд. теңгені құрады.

2023 жылы ауыл шаруашылығы саласы бойынша жоспарланған 5 инвестициялық жоба іске асырылса, 2024 – 2026 жылдары ауыл шаруашылығы саласында 2,3 млрд. теңге көлемінде 10 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Оның үшеуі биыл Балқантау, Қ.Аманжолов, Уғар ауылдық округтерінде іске асырылады.

2024 жылға скринингтік зерттеулер жүргізілді, нәтижесінде 216 адам «Ауыл Аманаты» бағдарламасы арқылы 1 млрд. 263,2 млн. теңге несие алуды жоспарлауда.

Биылғы жылы 30,0 мың га алқапқа дөңді-дақыл себілді. Оның ішінде: 17,4 мың га бидай, 10,6 мың га арпа, 2,0 мың га сұлы, 2,4 мың га көп жылдық, 5,0 мың га бір жылдық шөп себілді.

Ауыл шаруашылығы жерлерін игеру – өзекті мәселенің бірі. Бүгінгі күнде жыл басынан аудан бойынша пайдаланылмай отырған 4 270 гектар жер учаскесі қайтарылды. Ауыл шаруашылық тауар өндірушілермен жайылымдық туралы 49 401 гектарға 17 меморандум жасалды.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Аудан бойынша жұмыссыздық деңгейін азайту бойынша белсенді шаралар жүргізілуде.

Әлеуметтік жұмыс орындарының жоспары-15 адам болса, есепті мерзімге 19 адам жолданып отыр.

Жастар практикасының жобасымен 15 адам қамтылса, қоғамдық жұмыс орындарына 224 адам (149,3%) жолданды, оның ішінде 22 мүгедек бар.

Алғашқы жұмыс орнына 9 адам жолданды.

Күміс жас бойынша 74 адам қамтылып, жоспар 157,4%-ға орындалды.

Жұмыс берушілердің сұранысы бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқуға 19 адам жіберілді.

Кәсіпкерлікпен айналысуға 5 адамға грант берілді. Екінші кезең шілде айында басталады.

Бұл бағыттағы басқа да жұмыстар жүйелі жалғасуда.

Ауданда көпбалалы отбасыларға арналған «Шаңырақ» орталығы, қарт адамдарға, оның ішінде мүгедек жандарға арналған «Белсенді ұзақ өмір сүру» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған дағдарыс орталығы» ашылып, жұмыс істеуде.

МӘДЕНИЕТ

Биыл Қарқаралы қаласымен қатар, Қарағайлы кенті мәдениет үйі мен Қаракөл ауылы клубына күрделі жөндеу және Айнабұлақ, Томар, Тегісілдік ауылдарының клубтарына ағымдағы жөндеу жұмыстары басталды. Бұдан бөлек, Қарқаралы балалар кітапханасына ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, материалдық-техникалық базалары нығайтылды. Егіндібұлақ мәдениет үйіне жаңа микроавтобус берілді.

Қарқаралы қаласының мерейтойымен қатар, құрылғанына 55 жыл толып отырған «Салтанат» ән-би ансамблі Польша мемлекетіндегі дәстүрлі фольклорлық фестивалге қатысып, Гран-При иеленіп, аудан мәртебесін көтерді.

ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ

Биыл аудан көлемінде бірқатар медициналық және спорттық нысандарды салу бойынша кешенді құрылыс жұмыстары басталды.

Денсаулық саласына келсек, «Ауыл медицинасын жаңғырту» ұлттық жобасы аясында құрылыс жұмыстары жалғасуда. Былтыр Томар, Татан, Ақжол ауылдарында үш нысан пайдалануға берілсе, биыл қосымша Абыз, Бүркітті, Өсібай, Айрық, Жарлы, Қызылту, Сарыобалы, Белдеутас, Борлыбұлақ, Қарабұлақ, Жаңатоған, Бесоба, Талды – яғни, он үш ауылда құрылыс жұмыстары басталды.

Сонымен қатар, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Қарағайлы кентінде дене шынықтыру - сауықтыру кешенінің құрылысы басталды. Жобаны бастауға республикалық бюджеттен 110,9 млн. теңге бөлінді.

Қасым Аманжолов ауылында жаңа 200-орындық мектеп құрылысы жалғасуда, қазіргі таңда нысанның 1-ші қабаты көтерілген.

Қарқаралы қаласында «Жайлы мектеп» жобасы аясында 300 орындық мектеп салу жоспарлануда. Бұл мектеп құрылысы «Самұрық-Қазына» Қоры арқылы 2025 жылы басталатын болады.

Көктас ауылында спорт кешені құрылысына жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп, сараптамадан өтті. «Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасы шеңберінде 2025 жылы іске асыру жоспарда.

Жарлы ауылында 2024 жылы және Бүркітті ауылында 2025 жылы спорт кешендерінің құрылысы жобаларын «Қазақстан халқына» және «Самұрық-Қазына» қорларының қаражаты есебінен іске асыру жоспарланған.

Жыл басында Қарқаралы қаласында 18 пәтерлі екі тұрғын үйдің пәтер кілттері кезек ретімен мұқтаж тұрғындарға берілсе, биыл 18-пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы басталды.

АУЫЗ СУ

Тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасуда.

Бүгінгі күні ауданды орталықтандырылған сумен жабдықтау көрсеткіші 89% құрайды. Аудан елдімекендерін толығымен ауыз сумен қамтуды 2025 жылы аяқтау жоспарда.

Бұл бағыттағы ірі жобалардың бірі - «Жарлы-Қарқаралы» топтық су жүйесінің құрылысы іске асырылуда. Бүгінде 38,2 шақырым су жүйесі толық тартылды, 3 скважина қазылып, 35 құдық және 250 электр желісінің бағандары орнатылды. Жобаны 2024 жылдың қыркүйек айына дейін іске қосу жоспарланған.

Сонымен қатар, бүгінде Қарағайлы кенті, Теректі, Бүркітті, Томар, Матақ ауылдарында ауыз су жүйесінің құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

2024-2025 жылдары аралығында шағын елдімекендерге 22 блок-модульдік су станциясын орнату жоспары бекітілген. Оның ішінде биыл Қарыншы, Жалпақшілік, Милыбұлақ, Белдеутас, Бастал, Қызылшілік, Аққора, Шөптікөл елді мекендеріне модульдік станция орнатылады.

Осы жұмыстардың нәтижесінде, жыл соңына дейін орталықтандырылған сумен жабдықтау көрсеткішін 96%-ға жеткізу күтілуде.

Ақтерек, Татан, Жарлы (Тегісілдік) ауылдарының ауыз су желілері құрылысына жобалық-сметалық құжаттамалар әзірленді.

АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ

Аудан аумағындағы республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жолдардың бірқатар бағыттарында жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Атап айтсақ, Қарқаралы-Қарағанды бағытындағы республикалық маңызы бар жолға орташа жөндеу жұмыстары жалғасуда, биыл 53 шақырымына орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Ал республикалық маңыздағы «Қарағанды-Аягөз-Бұғаз» бағытындағы Кентөбеге барар жолдың 16,2 шақырымына орташа жөндеу жұмыстары басталды.

Сондай-ақ, соңғы екі жылда Ақжол-Қоянды бағытында 52 шақырым орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бүгінде жол жиектері тегістеліп, аяқталуда.

«Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында бірқатар елді-мекенде ішкі жолдарды жөндеу жұмыстары жоспарланған: Жарлы ауылы (2,1 шқ), Тегісілдік ауылы (5 шқ), Аппаз ауылы (5.1 шқ). Бүгінде сметалық құжаттамалары сараптамадан өткізіліп, конкурстық рәсімдер жүргізілуде.

«Қарқаралы-Талды» аудандық маңызы бар жол учаскесі бағытында Үлкен көл жанындағы 5,5 шақырым жолға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге аудандық бюджеттен 100 млн. теңге қарастырылып, мемлекеттік сатып алу конкурсы аяқталған соң, жұмыстар басталады. Ал осы бағыттағы Талды ауылына дейінгі жолдың 2150 шаршы метр көлемін қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

ҚАРҚАРАЛЫ ҚАЛАСЫН АБАТТАНДЫРУ

Қарқаралы қаласының мерейтойы аясында қала бойынша жүргізіліп жатқан плотина мен Қаратөбе тоғанын абаттандыру, Ту-тұғыр, орталық стадион құрылысы биыл аяқталатын болады. Мерейтой аясында Ш.Жандарбекова атындағы Мәдениет үйінің күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, қаланың орталық Т.Әубәкіров көшесін қайта жаңғырту жұмыстары басталды. Жоба екі жылға жоспарланған. Бұдан басқа Қарқаралы қаласының Мәди, Барабай, Ермеков, Сеңгібай батыр, Жәнібеков, Абай көшелеріне барлығы 6,7 шқ жолға орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, асфальт төселетін болады.

Қысқы жылыту маусымына дайындық барысында Қарқаралы қаласындағы №2,4,5 қазандықтардағы жылу қазандықтарын ауыстыруға және №2,5 қазандықтардың жылу трассасының торабын жөндеуге аудандық бюджеттен қаражат қарастырылды.

Қаланың жылыту жүйелерін жетілдіру бойынша 6 орталық қазандықты модернизациялау үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуге аудандық бюджет есебінен қаражат бөлінді.

ИНТЕРНЕТ БАЙЛАНЫСЫ

Қарқаралы ауданы бойынша 61 ауылдық елді мекеннің 35-і интернетпен қамтамасыз етілген.

«Қолжетімді интернет» Ұлттық жобасы шеңберінде аудан бойынша 7 дңгекті-антенналық құрылыстарын салу бойынша аудандық бюджет есебінен қаражат қаралып, сметалық құжаттары әзірленуде.

Олар Көктас, Жаңанегіз, Бақты жолдары бойында және Бесоба, Өсібай, Айнабұлақ (Абай), Айнабұлақ (Балқантау) елдімекендеріне салынады.

Қарағанды-Аягөз-Бұғаз бағытындағы автокөлік жолында толық көлемде мобильдік байланыс және интернет жүйесімен қамту үшін 3 дңгекті-антенналық қондырғы орнатуға жобалау сметалық құжаттары әзірленді. Бұл жұмыстарды «Қолжетімді интернет» бағдарламасы аясында жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Аудан бойынша жүргізіліп жатқан жобалар мен жұмыстарды құзырлы сәлалармен қатар, аудан тұрғындарының қолдауымен жүргізудеміз. Барлық жұмыс халықтың игілігіне бағытталғандықтан, әрдайым тұрғындардың талап-тілегі мен ұсыныстары міндетті түрде ескеріледі. Жайлы өмір, лайықты тұрмыс бірінші кезекте тұрғындар үшін. Бұл - күнделікті жұмысымыздың негізгі қағидасы.

Бағдарлама

Жас маманға – мүмкіндік

Бүгінгі күні қаладан шалғай орналасқан ауылдық жерлерде мамандар тапшылығы бар екені бәрімізге белгілі. Оның бірнеше себептерін атап өтуге болады. Ең басты себебі ауылдық жерлерде қалаларда жасалғандай жағдайдың болмауы.

Осыны ескеріп, мемлекетімізбен жастардың ауылдық жерде жұмыс істеуін ынталандыру мақсатында 2009 жылдан бастап «Дипломмен ауылға» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бұл бағдарлама бойынша ауылдық жерге жұмыс істеуге келген мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қарастырылған. Бағдарлама алғашында денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарын қамтыған болса, кейіннен агроөнеркәсіптік кешені кеңейтіліп, ветеринариялық дәрігер, ветеринариялық фельдшер, ветеринариялық техник, зоотехник, инженер-технолог, балық өсіруші, технолог, фермер сынды мамандықтары қосылды.

Соңғы 2020 жылы енгізілген өзгерістерге сәйкес бағдарламаға



қатысушылар ауқымы кеңейтіліп, жеңілдіктерді алушылардың қатарына мемлекеттік қызметшілер де қосылды.

Бағдарламаға қатысушыларға ауылдық елді мекенде тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін 15 жыл мерзімге, 0,01% мөлшерлемесімен, 1500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бюджеттік кредит және 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі біржолғы көтерме жәрдемақы (қайтарымсыз) беріледі.

Көрсетілген жеңілдікті бытырғы жылы облысымыз бойынша 464 жас маман пайдаланса,

биылғы жылдың 1 тоқсанында 107 маман жобаға қатысуға өтінім білдірген.

Өтінім білдіру үшін көрсетілетін қызметті алушы немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі (құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы ұсынған кезде) көрсетілетін қызметті берушіге Мемлекеттік корпорация арқылы немесе электрондық форматта «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы келесі құжаттарды ұсынады:

1) көтерме жәрдемақы алған кезде:

-өтініш;
-жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);
-білімі туралы дипломының көшірмесі;
-көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
2) тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит алған кезде:
-өтініш;
-жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);
-білімі туралы дипломының көшірмесі;
-көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
-сәйкестендіру үшін неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (некеде тұрған көрсетілетін қызметті алушылар үшін);

Бүгінгі күні жоғарғы оқу орындарын аяқтаған жастарды аталған мүмкіндікті пайдаланып, ауылдық елді мекендерде қызмет етуге шақырамыз.

Асель САХАРИЕВА,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Қарағанды облысы бойынша департаментінің
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының
бас маманы

Өнер күнделігі

«Салтанаттың» сәтті сапары

Қарқаралының «Салтанат» халық ән-би ансамблі Қазақстан жұртына таныстыруды қажет етпейді. 55 жылдық тарихы бар өнер ұжымының даңқы республика шегінен шығып, алыс және жақын шет елдерге жайылған. Оның жас әртістері маусым айының соңынан бері Шығыс Еуропада сәтті өнер көрсетуде. Ансамбль Польшаның Лодзь қаласында ұйымдастырылған «FOLKOWE INSPIRACJE» Халықаралық фестивалінің Гран-при жүлдесіне ие болды.



Мұнда әлемнің 14 мемлекетінен жиналған жасөспірім өнерпаздар бес күн бойы көрермендерге өз елдерінің мәдениеті мен дәстүрін ән және би арқылы паш етті. Фестивальде 13–16 жас аралығындағы 18 оқушы мен 17 әртістен тұратын «Салтанат» халық ән-би ансамблі 12 керемет нөмір ұсынды. Сарыарқадан барған өнер ұжымы орындаған күйлер, әндер мен билер мұнда жиналған көрермендерді таң-тамаша қалдырды.

Ансамбльдің құрамындағы домбырашылар тобы орындаған белгілі қазақ композиторларының күйлері, халық әндері, сулу, сырбаз хореографиялық нөмірлер сауықшыл поляк халқы мен қонақтарына қатты ұнады. Қарқаралы әртістері көрермендерді өнерлерімен де, сахналық

костюмдерімен де баурап алды. Ансамбль ең жоғары марапатқа ие болды – Гран-при жүлдесін ұтып алды, – дейді «Қарқаралы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-нің басшысы Жазира Ысқақова. «Салтанаттың» бозбалалары мен бойжеткендерін алда тағы бір маңызды сынақ күтіп тұр. Олар Пабыянице қаласында өтетін VII Халықаралық полька халық фестивалінде өнер көрсетеді. Еуропадағы байқаудан алған әсері жайлы ансамбль жетекшісі Темірбек Сыздықовтың пікірі: – Балғын өнерпаздарымызды қазақстандық эстраданың болашақ жарық жұлдыздары болады деп сеніммен айта аламын. Олар фестивальге әзірлеп барған ән-күй, билерін көрерменге бар сән-салтанатымен көрсетуге тырысты. Ұжымның

«Салтанат» деген атауын толығымен ақтады. Әртістеріміз концерттік қойылымдарға ғана емес, шерулерге, флешмобтарға, шебер-көпөнершілер көрмесіне қатысып, шеберлік сабақтарын өткізді. Жоғарыда айтқанымыздай, «Салтанат» халық ән-би ансамблі 1969 жылы құрылған. Ансамбль 1975 жылы Халықтық өнер ұжымы атағын жеңіп алды. Қазір мұнда көркемөнерпаздардың бірнеше буыны қалыптасқан. Көрермен қауымды керім ән-күй, биімен тамсандырып, рухани қуаныш сыйлап келе жатқан «Салтанат» – көптеген халықаралық, республикалық және облыстық фестивальдер мен конкурстардың лауреаты.

«Қарқаралы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ тапсырысымен

Біздің байланыс

телефонымыз:

8-775-548-3523

Қарқаралы ауданының білім бөлімі мен аудандық білім саласы қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті оқу, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының Қарағанды облыстық ұйымының бас маманы Әлемгүл Мейрамқызының анасы ардагер ұстаз

Рымтай ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып көңіл айтады.

Хабарландыру

«Қазақстан Республикасының сайлау туралы» Конституциялық Заңының 28 бап 3 тармағына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары тіркелген кандидаттар және партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға шарттық негізде баспасөз бетінен орын береді

ЖШС «Қарқаралы» аудандық «Qarqaraly» газетінде ішкі жолақтардағы (түстілерден басқа) баспа алаңының 1 шаршы см қуны ҚҚС-ті есепке алғанда 250 теңгені құрайтынын хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен Мәслихаттар депутаттарын кезектен тыс сайлауын өткізу үшін баспа материалдарын орналастыру үшін берілетін газет алаңы газетпен жасалған жазбаша шарттың негізінде жүзеге асырылады.

Үгіттік баспа материалдары газет редакциясына модульдер немесе мақалалар түрінде дайын басып шығарылған күйде (әрбір параққа кандидаттың немесе оның сенім білдірген адамының қолы қойылып) немесе электрондық жеткізгіште газет шығатын күнге дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын ұсынылады.

Баспа материалдарын орналастыру кезектілігін газет редакциясы жазбаша өтініштердің түсу ретімен белгілейді. Бір мезгілде бірнеше кандидаттар мен саяси партиялардан өтініштер түскен жағдайда, газет редакциясы жеребе тастайтын болады. Жеребе тастауға кандидаттың уәкілдері, және даудың тәуелсіз тарабы ретінде БАҚ өкілі мен баспа материалдарын орналастыру кезектілігіне дау айтатын саяси партияның өкілдері қатысады.

Үгіттік баспа материалдары газет бетінде газет редакциясының есеп-шот берген күннен бастап 5 (бес) банктік күн ішінде түсу ретіне қарай 100 пайыздық алдын ала төлем жасалғаннан кейін ғана жарияланады.

Еске саламыз, кенттік, ауыл, ауылдық округтерге әкімдікке сайланатын кандидаттардың сайлауалды материалдарында қаржыландыру көзі жайлы ақпараттар болуы тиіс.

«Қазақстан Республикасының сайлау туралы» Заңына мазмұны сәйкес келмейтін мәтіндер жарияланбайды.

2024 жылғы 04 тамызға тағайындалған Қарқаралы ауданы бойынша ауылдық округі әкімін сайлау жөніндегі учаскелік сайлау комиссияның шекарасы

Ынталы сайлау округі
№ 611 Ынталы сайлау учаскесі:
орталығы: Ынталы ауылы, Ынталы ауылының клубы, Бейбітшілік көшесі, 13 үй;
шекарасы: Ынталы ауылы, 5 разъезд және Ынталы ауылына қарасты қыстақтар;

Граница избирательного участка для проведения выбора акима сельского округа Каркаралинского района назначенного на 04 июля 2024 года

Ынталинский избирательный округ
№ 611 Ынталинский избирательный участок:
центр: село Ынталы, сельский клуб Ынталы, улица Бейбитшилик, дом 13;
граница: село Ынталы, 5 разъезд и зимовки относящиеся к селу Ынталы.

Хабарландыру

"NC Engineering" ЖШС №1844-елі М лицензиялық аланды барлау жоспарына "ықтимал әсерлер туралы есеп" жобасын талқылау бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды-43-71-(10г-5а-23,24) М-43-71-(10г-5в-1,2,3,4,6) Қарағанды облысында орналасқан, Қарқаралы аудан.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі (егер тыңдаудың бір пәні бойынша қоғамдық тыңдаулар біреуден артық әкімшілік-аумақтық бірлікте өткізілсе): Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Айнабулак с.

Әсер ететін аумақ - Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы.
Әсер ету аймағының географиялық координаттары: 49°34'26.12"С, 76°11'38.19"В.

Тыңдау 15.08.2024 ж. сағат 15.00-де мына мекен-жай бойынша өтеді: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Абай а/о, Айнабулак ауылы, Мендеке Батыр көшесі, 15 әкімдік ғимараты.

Тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту керек: <https://us05web.zoom.us/j/3497777332?pwd=by2zfdKYDNbOML7s45evz7jPvgtiBU.1&omn=86374452951>

Конференция ID: 349777 7332.. Қол жеткізу коды: 123456.
Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Бастамашы – «NC Engineering» ЖШС. БСН 220340041260. тел 87058067808

Жобалау құжаттамасын әзірлеуші «Иваненко А. А.» ЖК. ЖСН 830831350314. ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі берген 11.04.2008 ж. №01801р мемлекеттік лицензиясы. тел. 8(702)1889815.

Жергілікті атқарушы орган (ЖАО) – "Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru, Қарағанды қ., Лобода қ-сі, 20. тел: 8 (7212) 56-81-66.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдар бірыңғай экологиялық порталда орналастырылады <https://ecportal.kz> және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар БЭК-те қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, сондай-ақ ЖАО мекенжайы бойынша қабылданады.

Қосымша ақпаратты e-mail арқылы алуға болады consult_ecopro@mail.ru и тел: 8(702)1889815.

Объявление

ТОО «NC Engineering» уведомляет о проведении общественных слушаний по обсуждению проекта «Отчета о возможных воздействиях» к плану разведки Лицензионной площади №1844-EL М-43-71-(10г-5а-23,24) М-43-71-(10г-5в-1,2,3,4,6) находящиеся в Карагандинской области, Каркаралинский район.

Перечень административно-территориальных единиц на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания (если общественные слушания по одному и тому же предмету слушаний проводятся более чем в одной административно-территориальной единице): Карагандинская область, Каркаралинский район, с. Айнабулак.

Территория, на которую оказывается воздействие - Карагандинская область, Каркаралинский район.

Географические координаты территории воздействия: 49°34'26.12"С, 76°11'38.19"В.

Слушания состоятся 15.08.2024 г. в 15.00 часов по адресу: Карагандинская область, Каркаралинский район, Абайский с/о, с. Айнабулак, ул. Мендеке Батыр, 15 здание акимата.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке: <https://us05web.zoom.us/j/3497777332?pwd=by2zfdKYDNbOML7s45evz7jPvgtiBU.1&omn=86374452951>

Идентификатор конференции: 349777 7332. Код доступа: 123456.

Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Инициатор – ТОО «NC Engineering». БИН 220340041260. тел 87058067808

Разработчик проектной документации проекта ИП «Иваненко А.А.». ИИН 830831350314. Государственная лицензия №01801Р от 11.04.2008 г выданной Министерством охраны окружающей среды РК тел. 8(702)1889815.

Местный исполнительный орган (МИО) – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru г. Караганда, ул. Лободы, 20. тел: 8 (7212) 56-81-66.

Материалы, выносимые на общественные слушания, будут размещены на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz> и официальном интернет-ресурсе местного исполнительного органа: <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на ЕЭП, а также по адресу МИО.

Дополнительную информацию можно получить по e-mail: consult_ecopro@mail.ru и тел: 8(702)1889815.

«Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы»
ЖШС Директоры –
Бас редактор
Құрманғазы ӨТЕБАЙ

100800 Қарқаралы қаласы, Ө.Бөкейханов к., 40 үй
Бас редактор – 31-3-50 (факс)
Қабылдау бөлімі – 31-7-84, 8-775-548-35-23
Бухгалтерия – 31-4-56
E-mail: Karkaraly_TOO@mail.ru
Біздің есепшотымыз:
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қарағанды қаласы,
ИИК KZ326010191000161842,
БИК HSBKZKX БИН 990940002210

Газет жергілікті
«Қарқаралы» газеті
редакциясы баспаханасында
теріліп, беттеліп,
Қарағанды қаласындағы
«Арқо» ЖШС
(Сәтбаев к., 15)
баспаханасында басылды.

Меншік иесі: «Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Құрылтайшысы: Жұмаханова Г.С. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
2019 жылдың 19 маусымында N17756-Г куәлікпен тіркелген.
Автордың пікірі редакцияның көзқарасымен сәйкес келе бермейді.

Газет сенбі сайын шығады. Көлемі 2 баспа табақ. Индекс 65626.
Таралымы 2582. Тапсырыс 27